



Анықтама алу әп-сәтте

2



Шойын жолда шыңдалған

3



Байлық көзді байлай ма, көкіректі аша ма?

4



Сыр бойы



№116 (19794)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

6 тамыз / СЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

#BIRGE #TAZAQAZAQSTAN

Өткен сенбіде облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов облыс орталығындағы бірқатар нысандарды аралап көрді. Сонымен бірге, өңір бойынша 7000-ға жуық адам атсалысқан #Birge #TazaQazaqstan экологиялық акциясына да қатысты.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Акция жалғасады

Алдымен облыс әкімі денсаулық және демалыс саябағының құрылыс жұмыстарын көріп, «Сыр-Ана» монументіндегі қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. Негізгі құрылысын «Бак-Береке 2030» ЖШС жүргізіп жатқан, жалпы ауданы 30 гектарды құрайтын саябақ Қорқыт ата атындағы әуежайға апарар жол бойындағы Рәміздер алаңы және Тұңғыш Президент саябағы арасында орналасқан.

– Былтыр қыркүйек айында басталған саябақтың жалпы жобалық құны 1 млрд 119 млн 679 мың теңгені құрайды. Мұнда 12 комплекті 6 спорттық ойын алаңы, жастарға арналған сауықтыру орындары, веложол мен жаяу жүргіншілер жолы бар. Саябақтың ішімен арнайы қазылған бетонды каналдың ұзындығы 2 шақырымнан асады. Сонымен бірге, барлығын қосқанда 25 шақырымға жуық аяқсу каналдары тартылып, 20 мың түп тал мен 60 мың гүл көшеті отырғызылмақ. Бүгінде 800 миллионнан аса қаржы игерілді. Бұйырса, келесі жылы демалыс саябағы халықтың игілігіне беріледі, – деді «Бак-Береке 2030» ЖШС атқарушы директоры Айбек Ернараров.

Мұнан кейін аймақ басшысы Сырдария өзенінің сол жағалауында болып, сол жағалауды дамыту жоспарымен танысып, жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарын көрді.

– Өздеріңіз білесіздер, өткен аптада Арал, Қазалы, Жалаған, Шиелі, Жаңақорғанды аралап, елді мекен тұрғындарымен кездесіп, ардагерлердің ой-пікірлерін, халықтың ұсыныстарын тыңдап келдім. Атқарылып жатқан жұмыстармен таныстым. Бүгін енді облыс орталығын көріп шықтым. Барлығымыздың басты мақсатымыз – халық игілігі үшін жұмыс істеу. Ендігі міндет – Қырымбек Елеуұлы бастаған маңызды шаруаларды жалғастыру, бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерін анықтап, оны дер кезінде шешу. Ол үшін аймақтың негізгі бағыт-бағдары айқын көрсетілген 12 бағытты қамтитын Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспарын жүзеге асыруымыз керек, – деді облыс басшысы.

Осы күні облыс әкімінің қатысуымен #Birge #TazaQazaqstan экологиялық акциясы кезекті рет ұйымдастырылды. Өткен айдан бері ҚР Үкіметінің басшысы А.Маминнің бастамасымен қолға алынған акция Сыр өлінің қызу қолдауына ие болған еді. Алғаш болып үн қосқан аймақ жұртшылығы Аралдағы «Көкарал» бөгетінің маңын тазартудан бастаған болатын. Аймақ басшысы барлық аудандар мен елді мекендерді тазалық жұмыстарына атсалысуға шақырған еді.

– Акцияға қатысушылар су айдындары және елді мекен аумақтарына тазалау жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде 17 528 м³ қояқ шығарылды. Сонымен бірге, қаладағы Сырдария өзенінің оң жағалауындағы 8 шақырым аумаққа облыстық, қалалық мекемелер, ерікті жастар, үкіметтік емес ұйымдар мен маслихат депутаттары, қоғам белсенділері және тұрғындар, барлығы 2000-нан астам адам жұмылдырылып, тазалық жұмыстары жүргізілді. Келесі экологиялық акцияны алдағы 10-шы тамызға өткізу жоспарлануда, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Болат Бисенбаев.

Акция әр сенбі сайын күзге дейін жалғасын таппақ. Ал шара аясында қатысушылар тарапынан жақын маңда орналасқан тұрғын үй иелеріне қояқтарды бей-берекет тастамау жөнінде түсіндірме жұмыстары да қосымша жүргізіліп жатыр.

ШАҒАР ШЫРАЙЫ

СЫРДАРИЯНЫҢ АЛҚАСЫ – СОЛ ЖАҒАЛАУ

Сұлу Сырдың бойында орналасқан әсем қала – Қызылорда күн санап құлшырып келеді. Алашқа ана атанған аймақтың бас қаласы – сырбойлықтар мақтан етер шаһар. Өйткені, Қызылорда – тек облыс орталығы ғана емес, сондай-ақ, ғылым мен білімнің мекені, әдебиет пен мәдениеттің қайнаған ортасы, жеті ауданды бір жерге тоғыстырған күретамыр. Бүгінде алып құрылыс алаңына айналған Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қалаға жұрт қызыға қарайды.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Сырттан келген мейман шаһардың сырт келбетіне, ондағы тынымсыз құрылысқа, әлемі ғимараттарға көз салары анық. Алыс-жақыннан келген ағайынның қала келбетіне оң баға беруі біздің мерейімізді асырып, көңілімізді марқайтып, көкірегімізге мақтанш сезімін ұялатады. Ілгеріде ілкімді істері оқта-текте ғана жалғалатын шағын шаһарда қазір күн сайын өрісі кеңейген өрелі өзгерістерге күз болудамыз. Мұндай игілікті істерді, әсіресе,

сол жағалаудан байқайтынымыз рас. Дария бойындағы дүйім елдің көз қуанышына айналған биік үйлер мен әсем ғимараттар сонау жерден мен мұңдалап көрінеді. Жаңа көпіден өткен бойда «Болашақ» университетінің зәулім ғимараты қаланың шырайын одан әрі арттырып тұр. Оған қарсы бетте орналасқан «Жастар орталығы», «Рухани жаңғыру» мекемелерінің мұнғаздай әсем бейнесіне көзіңіз тояды.

4-бет.



Суреттері түсірген Нұржауыбай



2-бет.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Көлік қызметі кемелдене береді

Тіршіліктің бәріне жан бітіріп, сән келтіретін маңызды жүйе – көлік-логистика саласы. Бұл – экономиканың барлық буынын байланыстыратын, ел мен елді жалғастырып, алысты жақын ететін, бірлікті берекеге ұластыратын аса маңызды сала. Сондықтан оны дамытуға әрқес баса көңіл бөлінуде.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Көлік саласы – қашанда тіршіліктің күретамыры, алғашқы жытушы күш, әрі бірден-бір дінгегі

десек, биылғы мерекені Сыр еліндегі мамандар толымды жетістіктермен қарсы алып отыр. Облыстың көлік

саласының құрылғанына 80 жыл толуына орай ұйымдастырылған мерекелік шара А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінде өтті. Оған облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов қатысты.

Салтанатты шара облыстың көлік саласының дамуы мен бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы дайындалған бейнебаянмен басталды. Облыс аумағында жергілікті маңызы бар

автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 3451 шақырымды құрайды. Оның 1016 шақырымы республикалық, 563 шақырымы облыстық, 1872 шақырымы аудандық маңызы бар автомобиль жолдары. 2013-2018 жылдары 1594 шақырым автомобиль жолдары мен қала, кент және елді мекендердің көшелері жөнделді. Сондай-ақ, осы жылдар ішінде облыс аумағында 12

көпірге жөндеу жұмыстары (5 көпір құрылысы, 1 көпірді реконструкциялау, 6 көпірді күрделі жөндеу жұмыстары) жүргізіліп, пайдалануға берілді. 2019 жылы жергілікті маңызы бар 192 шақырым автомобиль жолдары, елді мекен көшелері мен көпірлерді жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

3-бет.



Суреттері түсірген Бағдат ЕСКАНОВ.

Жауапты кезеңге жан-жақты дайындық

Өсім болғанымен өзге өңірлер арасында Қызылорда төменгі орында. Арал, Қазалы, Қармақшы, Шиели аудандарында кәсіпкерлер саны азайған. Облыс бойынша кәсіпкер санының қаңтар және сәуір айларында жоғарылап, ақпан, наурыз, мамыр айларында күрт кемігенін байқаймыз. Белсенділік үлесі жөнінен Сыр өңірі Түркістан мен Маңғыстау облыстарынан кейінгі орынға жайғасты.

Жаппай кәсіпкерліктің даму деңгейін қала мен аудандардағы, оның ішінде ауылдардағы кәсіпкерлер есебінен аңғару қиын емес. Мәселен, Қызылорда қаласында 307 мыңнан астам халық болса, кәсіпкерлікке соның небәрі 8,5 проценті тартылған. 35 мыңнан астам халық бар Жалағаш ауданындағы көрсеткіш – 6,5 процент, тұрғындар саны одан 2,4 есе артық Жаңақорғанда – 4,8 процент, – деді басқарма басшысы.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жалпы құны 1145,5 млн теңгені құрайтын 9 жоба мақұлданды. Оның 1-і Қазалы ауданына, қалғаны Қызылорда қаласына тиесілі. Осы арада барлық әкімдікке әр бағдарлама бойынша жыл соңына дейін несие портфелі кемінде 1 млрд 1-бет.



теңге болатын жобалар шығару және оларды мүмкіндігінше индустриялық аймақтарға орналастыруды ұйымдастыру ұсынылды.

бөлінді. Осыған дейін он есе пайда әкелуі тиіс индустриялық аймақтардың дені қазір бос тұр, – деді. Қызылорданың құрылыс алаңында жұмыс қызу. Биыл өңірде 24 әлеуметтік нысан салу жоспарланса, оның төрт жартысы басталды. Арал ауданының Шияжа ауылында 150 орындық ауылдық клуб салтанатты түрде пайдалануға берілді, – деді



– Осыған дейін облыс орталығындағы Сырдария өзенінің сол жағалауында Жастарға қызмет көрсету орталығы салынып, Г.Мұратбаев атындағы орталық стадион қайта жаңғыртылды. Арал ауданының Шияжа ауылында 150 орындық ауылдық клуб салтанатты түрде пайдалануға берілді, – деді

облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұхамедиса Әлсеріков.

Орайы келгенде облыс әкімі Арыс қаласын (Түркістан облысы) қалпына келтірудегі жергілікті құрылысшылар еңбегіне алғыс білдірді. Еске салсақ, 24 маусым күні осындағы №44859 әскери бөлімінің ок-дөрі қоймасында жойқын жарылыс болған еді. 1 шілдеден бастап қаланы қалпына келтіруге біздің өңірден 20 құрылыс компаниясы тартылып, олар 4 топқа бөлініп, тиісті аумақтарда жұмыс атқарып жатыр.

Одан кейін сырбойлық дикандардың күздік орымға әзірлігі пысықталды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сейілбек Нұрымбетовтың айтуынша, шаруашылық құрылымдары қолда бар техниканы осы бастан бабына келтіріп қойды. Қала берді, «ҚазАгроКаржы» компаниясы арқылы лизингке 70 техника сатып алмақ. Егін жинауға мемлекет тарапынан арзан бағада 16 мың тонна дизель отыны бөлініп отыр.

Жаңа оқу жылы жақындап қалды. Оған қаншалықты дайынбыз, қандай кедергілер бар? Аппарат мәжілісінде облыстық білім басқармасының басшысы Майра Медебекова маңызды

сұрақтарға жауап берді. Белгілі болғандай, биыл бірінші класқа 21 600 оқушы барады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2200-ге көп.

– Жергілікті бюджеттен оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алу үшін 1,7 млрд теңге қаралды. 15 баспамен келісімшарт жасалып, теңдер жетімпаздары оқулықтарды 25 тамызға дейін жеткізіп беруге міндеттелді, – деді ол.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қармақшы ауданындағы №27, 30, Жалағаштағы №201 мектептерге республикалық бюджет есебінен күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. Дегенмен, білім ошақтары 1 қыркүйекте балаларды қабылдауға дайын емес. Аймақ басшысы ондай жағдайда балалар мен ата-аналар әбегірге түсетінін айтып, жөндеу шараларының қарқынын үдетуді тапсырды.

– Қалай болған күнде де оқушылар Білім күнінде өз мектептеріне баруы керек. Балалардың қауіпсіздігі бәрінен маңызды, – деді облыс басшысы.

Жыныда алдағы жылу маусымына дайындық туралы да сөз болды. Облыс әкімі жауапты басқармаға отын тапшылығының болмауын қатаң қадағалауды міндеттеді.

БРИФИНГ

Анықтама алу әп-сәтте

Қазақстанда цифрландыру үрдісі басталғалы бері, әр сала, әр мекеме ақпараттық технология мүмкіндігін пайдалануға көшті. Айналыс, мекен-жай, мүлктің бар-жоғы сынды анықтама алу үшін жол жүріп, кезек күтудің қажеті жоқ. Демек, уақыт жоғалтып, жүйке жұқартпайсыз.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Өткен жылдан бастап құқық қорғау органдары да электронды форматта іс жүргізуге кіріскен. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті облыстық басқармасының бөлім басшысы Мәди Әбішев айтты.

Қазір құқықтық статистика органдары 4 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Электронды қолтаңбаныз болса, «электронды үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы соттылық, әкімшілік құқықбұзушылық және мұрағаттық туралы анықтама аласыз. Бұл қызмет түрлері тегін беріледі, тек ресми құжаттарды апостильдеу үшін ғана мемлекеттік баж 0,5 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Сондай-ақ, «соттылықтың бар болуы немесе жоқ екендігі туралы анықтаманы беру» мемлекеттік қызметтің түрі толықтай автоматтандырылған.

– Сотталмағаны туралы анықтама Қылмыстық кодекстің 79-бабының талабына сәйкес, соттылықтың жойылуы есебімен беріледі. Қылмыстық қудалау қысқартылған, соттылық мерзімдері өткен немесе алынған азаматтарға қатысты «соттылығы жоқ» деген анықтама беріледі. Қызмет көрсету 10 минут уақыт алады. Егер қосымша тексеру қажет болса, 3 жұмыс күніне созылады, – деді Мәди Қанатұлы.

Мұндай қызметті тіпті порталдың мобильді түрі бойынша смартфондар арқылы алу да қарастырылған.

Бүгінде әкімшілік құқық-

бұзушылықтар туралы мәліметтер тек қана «электронды үкімет» веб-порталы арқылы электронды түрде берілсе, мұрағаттық анықтама алу де жеңілдетілген. Мұндайда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы және веб-портал көмегі пайдаланасыз.

Бүгінде «Сифрлық Қазақстан» бағдарламасының аясында Бас прокуратура бірқатар ақпараттық жүйелерді іске асыруды қолға алған. Соның бірі – «электронды қылмыстық іс жүйесі» құқықбұзушылық тіркелгеннен соң үкімі шыққанға дейін сот процесінің барлық кезеңдерін цифрлауға мүмкіндік береді. Өткен жылдан бастап теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар бойынша тергеу әрекеттері, биыл орташа ауырлықтағы қылмыстарды тергеу электронды форматта жүргізілуде. Ал 2021 жылдың соңына дейін қылмыстардың барлық санаттары бойынша тергеу амалдарын жүргізуді автоматтандыру жоспарланған.


Сонымен қатар, кәсіпкерлік субъектілеріне тексерулерді азайту және ашықтыққа қол жеткізу үшін барлық мемлекеттік органдарда ТСОБТ ақпараттық жүйесі қолданысқа енгізілген. Өткен жылдан бастап тексерулер электронды түрде тіркеле бастаған. Тексеру тіркелгеннен кейін кәсіпкердің ұялы телефонна «Сізге тексерумен келеді» мәтіні бойынша Push-хабарлама келеді. Ал кәсіпкер «Qamqoғ» мобильді қосымшасының көмегімен тексеруге кім қашан келетінін және тексеру парағының талаптарымен таныса алады.

Әдеп кодексі – тәртіп тұғыры

Биылғы жылдың алғашқы алты айында облыс бойынша тәртіптік жазаға тартылған мемлекеттік қызметшілердің саны 342 болды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 38%-ке төмен.

Дегенмен, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзу фактілері 12-ден 17-ге көбейіп отыр. Осы кезеңде Әдеп жөніндегі кеңестің 7 отырысы өтіп, онда 35 мәселе қаралды. Оның 19-ы тәртіптік іс болса, қалғандары мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама бұзушылықтарының профилактикасы бағытындағы мәселелер.

Тәртіптік істерді қарау нәтижесімен 14 қызметші әртүрлі жазаға тартылды. Өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында Әдеп жөніндегі кеңестің атқарған жұмысына арналған брифингте ҚР Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Берікбол Байхожаев осындай деректер келтірді. Оның атап өткеніндей, Әдеп жөніндегі кеңес мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзушылықтарын, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарын қараумен қатар мемлекеттік қызмет заңнамалары мен Әдеп кодексінің бұзушылықтардың профилактикасын жүзеге асырады. Осы мақсатта түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Шаралар бары-



сында мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлық нормалары түсіндіріліп, Әдеп кодексінің қойын кітапшасы таратылуда. Онда мемлекеттік қызметшінің қызметтік қарым-қатынаста, жұмыстан тыс уақытта, қандай мінез-құлық таныту қажеттігі, әлеуметтік желіні пайдалану, БАҚ-та сөйлеу, мүдделер қайшылығы кезінде өзін қалай ұстау керектігі туралы мәселелер қамтылған. Бұл шаралар тәртіптік теріс қылықтар жасау фактілерінің азаюына септігін тигізді.

Басқарма өкілі брифингке қатысушыларға Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығы мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша БАҚ-тар мен әлеуметтік желілерде жарияланған жария-

ланымдарға күнделікті мониторинг жүргізіп тұратынын жеткізді. Мониторинг нәтижесімен басшылық лауазымындағы 4 адамның тәртіптік ісі Әдеп кеңесінде қаралды. Сондай-ақ, департамент мемлекеттік қызметшілердің қызметтік автокөлікті тек қызметтік мақсатқа пайдалануына тұрақты негізде мониторинг жүргізіп келеді. Бұл бағытта арнайы «WhatsApp» желісі ашылған. Тұрғындар осы желі арқылы қызметтік көліктердің жұмыс бабынан тыс пайдалану деректерін суретке түсіріп, департаментке жолдай алады. Түскен мәліметті зерделеу барысында ауылдық округтің әкімі қызметтік көлігімен қызметтен тыс уақытта кешкілік мейрамханаға барғаны анықталды. Әдеп жөніндегі кеңес ұсынысымен оған «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Өткен 6 айда департамент аймақтағы мемлекеттік органдарға 40 тексеру жүргізді. Тексеру нәтижесімен мемлекеттік қызмет заңнама нормаларын бұзған 44 бұзушылық анықталып, оларды жою туралы 10 ұсыну мен нұсқама енгізілді. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің баптары бойынша 18 әкімшілік іс қозғалып, мемлекет пайдасына 2,1 млн теңге өндірілген.

«СБ» ақпарат.

ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Еш кедергісіз елден шыға алады

Сауд Арабиясының білігі әйелдерге ерлерінің рұқсатынсыз шетелге шығуға рұқсат берді. Білік 21 жастан асқан әйелдерге төлқұжат алып, камкоршылық рұқсатынсыз елден шығуға мүмкіндік беретін құжаттар мен азаматтық мәртебе туралы заңға енгізілген түзетулі мақұлданды. Камкоршылық амалына сәйкес, әйелдер төлқұжат алуға өтініш бергенде немесе елден шығатын кезде, тұрмыс құрарда әкесінен немесе күйеуінен, кейде ағасынан немесе ұлынан рұқсат алуы керек болған.

Енді кәмелетке, яғни 21 жасқа толған соң жынысына қарамастан, кез келген азамат шетелге шығатын төлқұжат алып, ешқандай келісімсіз елден кете алады. Оған қоса әмірлік ішінде де әйелдер құқына қатысты елеулі өзгерістер бар. Мәселен, жұмысқа тұру, медициналық көмек алу және үй жалдап тұру үшін ер адамның келісімін алу шарт емес. Бұл өзгерістер ескі дәстүр мен қатал заңға шыдамаған жас қыздардың Сауд Арабиясынан қашып кету оқиғалары жиілеген соң енгізілген сынайлы.

Қағаз көпір

Оливье Гроссетт есімді француз суретшісі Мәскеуде қағаз жәшіктен аспапы көпір тұрғызды. Шебер оны құрастыру үшін 350 картон жәшікті пайдаланған. Көпірдің өзі үш әуе шарына байланып, қалқымалы тұғырға бекітілген. Суретшінің айтуынша, қолданылған материалдың жеңілдігі жобаны жүзеге асыруда қиындық туғызған.

Көпір Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің 80 жылдығына арналып, «Останкино» паркіне қойылды. Қалқымалы көпірді келушілер 4 күн бойы қызықтады.

Жеке заттар саудасы

Голливуд жұлдыздарының жеке заттары саудаға шығарылмақ. Онда Элвис Преслидің шапсы, Кейт Уинслеттің пальтосы, Мерилин Монроның әшекей бұйымдары көпшілік назарына ұсынылады. Аукцион тамыз айының соңына белгіленген.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Титаник» туындысында Кейт Уинслет киген пальтосын өзін 500 мың долларға сату жоспарланған. Бұған қоса, Рок-н-ролл королінің алғаш түскен фильмде мінген автокөлік пен оның бір буда шапшан, медициналық қорабынан да қомақты қаржы табу көзделіп отыр. Медициналық қоратты Преслидің жеке медикесі сақтап келіпті. Аукционды ұйымдастырушылар мұндай заттар бұрын-соңды саудаға түспегендіктен, бәсеке қызды деп болжап отыр.

Қазына қайта қалпына келтіріледі

Каирде осыдан 3,3 мың жыл бұрын өмір сүрген Тутанхамонның атақты алтынды қазына саркофагі реставрациялана бастады. Елдің ежелгі ескерткіштер министрлігі Гиза пирамидасында орналасқан жаңа Египет музейінің шеберханасына журналистерді шақырды. Саркофақты табылған жерінен 100 жылдан кейін қозғап, бір ай бұрын Каирге әкелген. Бұл Тутанхамонның үшінші саркофағы, ол реставрациядан өткен соң, қалған екеуімен бірге қойылады.

«СБ» ақпарат.

Дау мұраты – бітім



Медиация күніне орай «Достық үйінде» облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы мен қалалық ішкі саясат бөлімі және «Бітім» медиация орталығымен бірлесіп, «Ашық есік күні» акциясын өткізді. Акцияның басты мақсаты – медиация арқылы жанжалдардың алдын алу мен оларды сотқа жеткізбей шешуді және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруды көздеді.

Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Шара аясында кәсіби және қоғамдық медиаторлар отбасы-неке дауы, әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істер, меншіктік, жер, жылжымайтын мүлікке қатысты

дау және өзге де даулы мәселелер бойынша халықты қабылдап, кеңес береді.

– Медиацияның еліміз үшін маңызы өте зор. Себебі, дауды

қысқа мерзімде шешудің, әріге кетпей бітімге келудің ең оңтайлы жолы. Қазақстан халқы Ассамблеясы медиацияның әлеуетін барынша пайдаланып келеді. Облыста 2017 жылы медиация кабинетін ашқан уақытта 43 кәсіби және 343 қоғамдық негізде медиатор жұмыс жасаса, қазіргі күні олардың саны артып, 57 кәсіби, 615 қоғамдық медиатор түрлі дауларды бейбіт түрде шешіп келеді. Бұл медиацияның уақыт талабына сай тиімділігін артқанын көрсетеді. Биыл осы салаға 1,6 млн теңге қаржы бөлініп

отыр. Соның негізінде ауқымды түрлі шаралар өткізіп, медиация институтын әрі қарай дамытатын боламыз, – деді облыстық ҚХА хатшысы Ләйла Төрешова.

Айта кету керек, алдағы уақытта қала мектептерінде де медиациялық кабинеттер ашылады. Бұл туралы акция барысында «Бітім» медиация орталығының директоры Ләззат Бақтыбаева мәлімдеді.

– Біз пилоттық жобамызды қала әкімі Н.Нәлібаева жолдадық. Бүгінде қолдау тауып, Қызылорда қаласының 54 мектебінде меди-

ациялық кабинеттер ашылып, 101 психолог маман медиатор курсынан өтеді, – деді Ләззат Шайзадақызы.

Медиация – халықтың дауын сотқа жеткізбей, екі тараптың сұранысын қанағаттандыра отырып шешу әдісі. Мұндай тәсіл қазақ халқында бұрыннан бар, оны елге танымал билер мен ықпалы бар құрметті адамдар жүргізіп келген. Ендігі жерде халық шиеленіскен мәселесін сотқа жібермей-ақ, кәсіби медиаторлардың көмегіне жүгіне

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Көлік қызметі кемелдене береді

Облыс басшысы мерекені көлік саласының сырбойылық мамандары айтарлықтай жетістіктермен қарсы алып отырғанын жеткізіп, сала қызметкерлері мен ардагерлерін құттықтады.

— Көлік саласы кай кезде де еліміздің экономикасы мен өндірісінің барлық буынын байланыстыратын аса маңызды сала болып табылады. 80 жылдық тарихы бар бұл жүйе аға буынның есепі еңбегімен, жасампаздығымен дамыса, кейінгі ұрпақтың жаңашылдығымен нығайтып келеді. Сыр елінің көлік қатынасын өрге сүйреп, тату тірлігі мен берекелі бірлігін арттыруға сүбелі үлес қосып отырған сала қызметкерлеріне облыс жұртшылығы атынан зор ризашылығымды білдіремін,— деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, бүгінгі таңда 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен жалғайтын 211 тұрақты автобус қатынасы жолға қойылған. Облыс орталығынан Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Қарағанды, Түркістан, Қарағаш, Ақтөбе және т.б. қалаларға күнделікті жолаушы тасымалдау қызметтері көрсетіледі. Сонымен қатар, 2018 жылдың шілдесінде айынан бастап халықаралық «Қызылорда-Ташкент-Қызылорда» тұрақты маршруты бар.

— Қазіргі уақытта «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізінде 1 жоба іске қосылған. Сондай-ақ, қосымша 4 жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыстар атқарылууда. Осы жобалар іске асса, қызмет сапасы жақсарып, тасымалданған жолаушылар санының ашықтығына, жолаушылар тасымалдау тиімділігіне жоғарылауға, кірістер көзінің артуына қол жеткізіледі, — деп атап өтті облыс әкімі.

Теміржол саласына келсек, облыс орталығынан «Қызылорда-Алматы-Семей», «Қызылорда-Көкшетау», «Қызылорда-Петропавловск», «Қызылорда-Нұр-Сұлтан Нұрлы жол» (Тальго), Секеуіл-Жезқазған арқылы жүретін «Қызылорда-Нұр-Сұлтан» және облысымыздың оңтүстік өңірін қамтитын «Қызылорда-Бесарық-Түркістан» бағытында пойыздар ұйымдастырылған.

Сыр елінің әуе қатынастарында да серпінді жобалар мен жетістіктер жетерлік. Бүгінгі күні Қызылорда әуежайы арқылы аптасына барлығы 34 тұрақты рейс орындалып, Астана, Алматы, Атырау, Қарағанды, Мәскеу, Анталия қалаларына әуе байланысы қарастырылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы қаулысымен «Қорқыт Ата әуежайы» АҚ-ға халықаралық ұшуларды қамтамасыз етуге рұқсат берілді. 2018 жылдың 16 шілдесінен бастап халықаралық «Мәскеу-Қызылорда-Мәскеу» рейсі ашылды.

Мерекелік шарада сала мамандарына ҚР Президентінің «Алғыс хаты», «Еңбек ардагері» медалі, «Құрметті автокөлікші» мен «Үздік автокөлікші» төсбелгілері, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «Құрмет грамотасы», облыс әкімінің «Алғыс хаты» және «Қызылорда облысының автокөлік саласының құрылынына — 80 жыл» мерекелік медалі табысталды.

Шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

1-бет

САБАҚТАСТЫҚ САЛТЫ

Шойын жолда шыңдалған

Қызылордалық Аймақовтар әулетінің теміржолшылар династиясы деуге әбден болады. Себебі бұл отбасы мүшелерінің тіршілігі шойын жолмен біте қайнасып жатыр.



Нурмахан Аймаханов 1915 жылы Қазалы станциясында дүниеге келген. Осындағы фабрикалық зауыт училищесінің алғашқы түлектерінің бірі. Оқуды ойдағыдай тәмамдаған ол еңбек жолын паровоз жөндеу цехында қара жұмысы болып бастады. Бертін келе, алғырығы мен ізгеністігінің арқасында басшылардың ықпалымен Мәскеудегі машинистер даярлайтын екіжылдық курсқа түсті. Н.Аймаханов білімі жағынан қатарластарынан оқ бойы озық болды.

Мәскеуде оқыған кезеңі туралы естелігінде: «Бітіретін жылы бізден емтиханды сол кездегі жол қатынастары халық комиссары Л.М.Каганович қабылдады. Курсанттардың бірі мүдіріп калғанда ол ашудымен оған орындық лақтырып: «Араларыңда бір ғана азиат барлығыңнан артық жауап берді» деді қатқыл үнмен. Бірақ наркомның мен туралы айтып тұрғанын білгенім жоқ. Мақтау естіген жақсы, бірақ бұл туралы көпке орналасты. Өзіне артылған кез келген тапсырманы жауапкершілікпен сезініп, мүлтіксіз атқара білді. Ауыр салмақты пойыздарды жоғары жылдамдықпен жүргізіп, отын үнемдеу, уақытты ұту жөнінен абырой биігінде болды. Н.Аймаханов әркез жұмыстың жаңа түрін ұйымдастырып, оны жетілдіріп отырды. Паровозды күтіп ұстауға баса көңіл берді.



Екінші дүниежүзілік соғыс басталған жылы деподағы ер азаматтардың тіс жармады. Арала талай уақыт өтті. Бір күні, 1949 жылы жол басқармасынан тексерушілер келіп, жас мамандардан емтихан алды. Комиссия мүшелері олардың біліміне көңіл толмай, ашуға бұлығып отыр екен. Депо басшылығы не істерін білмей дал. Сынақ өтіп жатқан кабинетке кірсем, төрде таныс адам отыр. Сөйтсем, Мәскеуде Кагановичтен таяқ жеген курстасым Шаянский Виктор Николаевич екен. Арқа-жарқа болып, өткен-кеткенді қозғалдық. «Сені наркомның мақтағанын қалай ғана ұмытайын?!» деп, ол менен емтихан қабылдаудан бас тартты. Ашуы тарқап, әріптестерімді де қинаған жоқ», — дейді өзі.

Курсты аяқтаған соң туған жерге келіп, локомотив депосына жолаушы тасымалымен айналысатын паровоз машинисі болып жұмысқа



маттар майдан даласына аттанды. Ал білікті машинист тапшы маман ретінде орында қалды. Ресейдің Барнаул, Новосибирск қалаларына әскери жүкті жеткізу кезінде көптеген қиыншылыққа кездесті. Новосибирсктегі қыстың қаттылығына қарамастан, эшелонды қалың қардың астында қалдырмай, диттеген жерге жеткізуі жанқиярлық емей немене?! Осы еңбегі елінің, оған «Үздік машинист» атағы мен «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі табысталды.

Сонымен қатар, әр жылдардағы табысты еңбегі үшін түрлі дәрежедегі марапаттарды иеленді. Оның ішінде «Ұлы Жеңістің 40, 50, 60 жылдығы», «Коммунистік жарыстың екіжылдығы» белгілері кеудесінде жарқырап жүрді. Н.Аймаханов 1968-1972 жылдары «Байқоңыр» ғарыш айлағына қызмет көрсететін Қазалы локомотив депосының машинистер колоннасында қызмет жасады. 1972 жылы еңбек демалысына шығып, бейнетті еңбегінің берекесін көрді. 81 жасында дүниеден озды.

«Әке көрген оқ жонар» демекші, бұл отбасында балалардың барлығы әке ізін жапсағарды. Тұңғышы Оңалбек ұзақ жыл «Байқоңыр» ғарыш айлағында машинист болып, екінші ұлы Сүйіндік локомотив депосының құрылыс цехында жұмыс істеді. Қыздары Мейрамғұл Қазалы локомотив депосында, Маржанғұл Қазалы вагон депосында қызмет атқарды. Күйеу балалары да осы саланың қазанында қайнап, теміржолдың бойында табанды еңбек етті.

«Әкеміздің атына сөз, абыройына кір келтірмеу үшін қай-қайсымыз да жұмысты тынақты атқаруға, қатарымыздан қалмауға, өзгелерге үлгі болуға тырыстық. Теміржолшы еңбегі айрықша жауапкершілікті қажет етеді. Өйткені сен қаншама адамның өмірі мен қауіпсіздігіне жауаптысың. Осы орайда асқар тауымыз, арқа сүйеріміз — әкемізден алған тәлім-тәрбие бізге мәңгілік азық болғаны рас», — дейді Оңалбек аға.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

Мүліктерді жекешелендіру тәртібі

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің негізгі қызметтерінің бірі — жекешелендіру объектілерін сату қағидасына сәйкес, теңгерімде ұстаушы республикалық мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың келісімі негізінде республикалық меншікті мүліктерді сату. Республикалық меншіктің мүлкінің түрлеріне негізін жыйынтық (ауыр және жеңіл транспорттар), жылжымайтын және т.б. мүліктер жатады. Жекешелендіру процесі сыйбалас жемқорлықты болдырмау, алдын алу мақсатында «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында www.gostest.kz сайты арқылы электронды түрде жүргізіледі. Республикалық барлық аймағының тұрғындары интернет желісі арқылы қатысуларына толық мүмкіндіктері бар. Қазіргі уақытта департамент арқылы жүргізіліп жатқан сауда-саттықтарға республиканың барлық аймағының отыратын беріліп, жемінгелер анықталып жекешелендіретін мүліктер өз істерін табуда. Әсіресе, Ақтөбе, Жамбыл, Түркістан, Қарағанды, Қостанай облыстары мен Нұр-Сұлтан, Шымкент және Өскемен қалаларының тұрғындары белсенді. Атап айтар болсақ, өткен жыл мен биылғы жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша нақсандардың 58,5%-ін облыс тұрғындары, 41,5%-ін басқа облыс тұрғындары жекешелендіріп алған.

Біздің облыс тұрғындары жекешелендіру бойынша мағлұматтармен құлақтандыру мақсатында және өз кәсібін бастауға, ашуға талпыныс жасаушы азаматтарға қандай да бір қызметтеріне пайдалануға сенгіш теріс деген мақсатпен жекешелендіру процесінің тәртібін жариялауды жөн санап отырмыз.

Электрондық сауда-саттықтардың қай кезде өтетінін жөніндегі ақпараттарды қайдан алуға болатыны, қалай жүргізілетіні, отынды қалай беруге болатыны және т.б. ақпараттар жайлы тоқталып өтелік.

Біріншіден, электронды сауда-саттықтардың қай кезеңіне қатысуға қалай болатыны, отынды қандай мүліктердің сауда-саттыққа шығарылатыны, қандай әдіспен өтетіні, кепілдік жарналы көлемі және т.б. жөніндегі мәліметтер республикалық «Егемен Қазақстан» және «Қазақстан ақпарат» газетінде кезінде 15 күнтізбелік күн бұрын жарияланады.

Екіншіден, бұл мәліметтермен қоса кезінде 15 күнтізбелік күн бұрын www.gostest.kz сайтында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған хабарландыру, тәуелсіз бағалау компаниялары жүргізген мүліктердің бағалау туралы есебі, суреттері, мүліктердің тұрған мекен-жайы, кепілдік жарналы көлемі және т.б. мәліметтері қоса жарияланады. Жекешелендіретін республикалық меншікті туралы мағлұматтарды жоғарыда аталған БАҚ-тан немесе www.gostest.kz сайтына алуға болады.

Электронды сауда-саттықтар жүргізу үшін негізін қарғанда сәйкес, 3 әдіс бар: атап айтқанда, бірінші тәуелсіз бағалау компаниялары бағалаған бағадан жоғарырау әдісі; екінші бірінші әдіс бойынша жекешелендірілмеген объектілердің ең төменгі бағасы 50 пайызға дейін төмендетіп қойылатын төмендету әдісі; үшінші жоғарыдағы екі әдіс бойынша жекешелендірілмеген объектілердің ең төменгі бағасы қойымай шығарылатын төмендету әдісі.

Электронды сауда-саттыққа қатысу үшін департаментке келудің қажеті жоқ, яғни кез келген жерден интернет желісі арқылы БАҚ-та немесе www.gostest.kz сайтында жарияланған өңіз таңдаған мүліктің кепілдік жарнасын көрсетілген есепшотқа енгізгеннен кейін, электронды шифрлы қолтаңба арқылы отын беруге болады. Бұл жерде бір есепке жеткіні жәйт, қатысушы электронды сауда-саттыққа кепілдік жарнасын енгізбестен және отын берместен бұрын, жарияланған объектілердің мекен-жайы бойынша барлық жағдайын көруге толық мүмкіндігі бар. Сонымен бірге қандай да сәйкес, отынмен көрсетілген қатысушыға қойылатын барлық талаптармен мұқият танысқандары дұрыс. Өтіндімен қандай жағдайларда кепілдік жарнасының қатысушыға қайтарымайтыны, жемінгелер хаттамға, сатып алу-сату шартына қай уақытта электронды шифрлы қолтаңба арқылы қол қою керек екені көрсетіледі. Ал электронды түрде жасалатын сатып алу-сату шартында мүліктің қалған сомаларын неше күнде енгізу қажет екені және қай есеп шотқа аударылатыны көрсетіледі.

Жемінгелер электронды сауда саттыққа қатысу үшін төленген кепілдік жарнасы сатып алынған мүліктің бағасына қосып есептеледі.

Ніет білдіруші облыс тұрғындары жекешелендіру бойынша жүргізіліп жатқан электронды сауда-саттыққа қатысуға шақырамыз.

Ақпарат алу үшін байланыс телефоны: 8 724 2 30 11 64.

А.АКИМИНОВ, облыс бойынша мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің мүлкі мену бөлімінің басшысы.

ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ

Жиырмадан асқан шағында Қызылорда теміржол стансасына жұмысқа қабылданған Райхан күре жолдың бойындағы қайнап жатқан тірлікке көп ұзамай-ақ көңілді кетті. Өйткені бұл саланың жұмысы оған аса таңсық емес еді. Неге десеңіз, олар талай елдің тіршілік тамырын тоғыстырып жатқан теміржолдың бойында дүниеге келді. Жүйткіп бара жатқан пойызға қарап, арманшыл қыздың қиялы да алысқа қанат қағатын. Көз алдындағы толассыз тірліктің кейбір жағдай еткен сәттерін көңіліне түйіп ала қоятын. Сондықтан балалықтың бал шағын өткерген Белкөл стансасы бұлар үшін әлі күнге ыстық көрінеді. Атасы Токсанбай, әкесі Есіркеп — ұзақ жыл теміржол саласында еңбек етіп, абыройға бөленген жандар. Бауырлары да осы салада еңбек етіп келеді.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Темірдей тәртіп төзімділікке үйретті



әр жолға орналастырып, жүк пойызын жолға дайындайды. Сол сияқты, келген пойыздардан вагондарды ажыратып, тепловоздарға тіркеп, жүк қоймаларына жеткізеді. Осы жұмыстарды үйлестіру маневр диспетчерінің міндеті болса, жұмысты атқаруда жұмысшы-мамандардың еңбегі зор. Солардың бірі — орталықандырылған қосынның операторы Райхан Есіркепқызы. Бұл жұмыс қатаң жауапкершілікті талап етеді. Сәл қателесен, пойыздың бағыттан ауытқып кетуі, тіпті вагонды аударып алуы мүмкін. Сондықтан ол өз жұмысына қырағы.

Ашық жарқын, жайдары мінезді қыз бұйығы тыныштықтан гөрі тынымсыз ізденіс пен толассыз тіршілікті ұнататын. Сондықтан жұмысқа бар ынтасымен кірісіп кетті. Оның міндеті — күнделікті келген-кеткен жүктерді тапсырып, қабылдау болатын. Осы жұмысты бес жылдай атқарған соң, теміржолдың техника кеңсесінде жұмыс істеді. Қыстың қақпаған суығында, жаздың ми қайнатар ыстығында жолдың ортасында жүреді. Түнгі кезекшілік уақытында жүк вагондарының қозғалысын кірпік қақпай бақылап отырады. Сонда да шаршамай деп қабақ шытпайтын. Қиындығына төселіп, тәжірибесін толықтыра түсті. Содан 2002 жылдары техника кенесінде ақпарат беруші (информатор) жұмысына ауысты. Мұнда ел аумағынан, сондай-ақ сырттан тасымалданатын тауарлардың қай уақытта қай жерде келе жатқанын, қашан жететінін ақпарат беріп отырады. Вагондар келесін, оларды ағытып, әр пойызға қанша вагон тіркелетінін есептеп, маневр диспетчеріне хабарлайды. Соған сәйкес олар жүк вагондарының қозғалысын реттейді. Ал, 2014 жылдан бастап орталықандырылған қосынның операторы қызметін атқарып келеді. Мұнда да әр күн сайын маневр жасап, бұрма жолдарды бұрып, вагондарды рет-ретімен

Кейіпкеріміздің жасында арманшыл қыз болғанын айтып едік. Алайда тағдыры теміржолмен тоғысты. Темірдей тәртіпке бейімделді. Сонда да кейде бұлғанып, буырқанған ішкі сезімін әлеуметтік желі бетінде әсерлі етіп әңгімелейді. Әйел затына тән әдемілік пен ізгіліктің насихаттады. Аналық жүрегімен жастарға ақыл-кеңесін айтып, халқымыздың сағт-дәстүрі, әдет-ғұрпы жайында өз ойын бөлісіп отырады. Оқырмандары да аз емес. Жалпы, жан дүниесі шығармашылыққа жақын.

Теміржол саласының белді маманы Райхан Токсанбаева қазір жолдасы Сайлаумен қосылып, шаңырақ көтерген. Сайлау ағамыз — құрылыс саласының маманы. Сондай-ақ, есік алдына бау-бақша етіп, жылда жемісін алып отыр. Отбасында үш қыз тәрбиелен өсіріп, олардың жоғары білім алуына жағдай жасады. Қазір жүйен-немерелерін сүйіп отырған бақытты ата-әже.

Тәжірибелі маман Райхан Токсанбаевтың теміржол бойында тұрғаны еңбек етіп келе жатқанына алдағы жылы 30 жыл болады екен. "Тіршіліктің кем-кегіті таусылған ба? Алайда темірдей тәртіп төзімділікке үйретті" дейді ол. Олай болса, біз де теміржолшы апамызға бейнетінің зейнетін көруді бұйыртып деген тілегімізді қосамыз.

Теміржолшылар доп тепті



Жосалы кентінде Көлік қызметкерлері күні мерекесіне байланысты сала қызметкерлері арасында шағын футболдан жарыс өтті.

Оған 7 команда қатысты. Тартысты да қызықты сәттерге толы өткен жарыс қорытындысымен «ДС» («Жосалы» стансасы) құрамасы барлық қарсыластарын ұтып, жарыс жеңімпазы атанып, II орынға «ШЧ-40» командасы, ал жүл-

делі III орынға «Локомотив» командасы көтерілді.

Сонымен бірге, жарыс барысында өздерінің үздік ойындарымен көрермен көзаймы атанған Көптурсын Қазбеков (Локомотив) және Жанабек Кемелбеков (ШЧ-40) демеушілер тағайындалған арнайы жүлделерге ие болды.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ, Қармақшы ауданы.

ЕСКЕРТУ

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС «Магистральдық құбырлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (14 бап) сәйкес Магистральдық құбырдың күзет аймағы Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының аумағынан «Бейнеу-Бозой-Шымкент» жоғары қысымды магистральдық газ құбыры өтетіні және магистральдық газ құбырының күзет аймағының бар екендігін жөнінде ескертеді.

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- Магистральдық құбырдың күзет аймағында:
- 1) өткелдерді, қара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытына немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келісіміз, орнатуға;
 - 2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;
 - 3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекултивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өрте қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;
 - 4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;
 - 5) автомобиль келігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;
 - 6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;
 - 7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;
 - 8) ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамааларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық тәсір, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге;
 - 9) қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында магистральдық құбырға жатпайтын кез келген объектіні құрылыс нормалары мен қағидаларында белгіленген ең аз қашықтық шегінде салуға;
 - 10) трасса бойлық жолдарды магистральдық газ құбырының объектілерін пайдалану бойынша негізгі қызметке қатысы жоқ мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, Қазақстан Республикасы, А05А2К5, Алматы қаласы, Абылай хан да-лы, 53, тел. +7 (727) 342-36-44, факс: +7 (727) 342-38-14, info@bsgp.kz.

Хабарландыру

Қызылорда қаласының жеке отарысы Қалтайқызы Ақтолқын 2018 жылдың 18 желтоқсанында қайтыс болған. Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылы округі, Қызылжарма ауылы, №19 көшесі №79 үйде тұрған азамат Қанибаев Рахымбайдың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі №80-А/12, тел.: 8 701 122 99 93.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы және облыстық қоғамдық кеңес Арал ауданының Құрметті азаматы Биғали Қаюповқа апасы

Жұпарқұл Әбікерқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Арал ауданының әкімдігі мен мәслихаты, аудандық және Арал қалалық ардагерлер кеңесі аудан ардагері, Арал ауданының құрметті азаматы

Ахмедулла СМАТҰЛЫ Ұмбетовтің қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Сырдарияның алқасы – сол жағалау

Жалпы жоспар бойынша бұл аумаққа 800 пәтерді құрайтын тұрғын үй кешені, әлеуметтік-мәдени және білім беру нысандарын салу көзделген. Сонымен қатар, 100 адамды қабылдай алатын емханасы бар, 300 адамға арналған көпсалалы аурухана, музей мен студенттер қалашығы салынады. Осында орналасқан 320 орындық балабақшаға балаларды қабылдау жүріп жатқанын білдік.

Дария жағасынан үй алған Айгүл Мұсаева есімді қала тұрғыны өз қуанышымен бөлісті.

– Жаңа үйге кіргенімізге екі айдай уақыт болды. Көңіл-күйіміз өте жақсы. Дарияның жағасында болған сон таза ауа, самал жел жанға жайлылық сыйлайды. Қоғамдық көлік те келеді. №18 бағыттағы маршрут үздіксіз қатынап тұр. Менің байқағаным, мұнда жас отбасылар көптеп қоныстанады. Кешке қарай аула алдына серуенге шығып, әдемі әнгіме-дүкен құрамыз, – дейді ол.

Сол жағалаудағы құрылыс алаңы 1532 гектар жерді қараса, оның ішінде аумағы 500 гектар жерге бірінші кезекте құрылыс жүргізілуде. Халыққа ыңғайлы

1-бет.



және қолайлы өмір сүру ортасы бар, ұлттық сәулеті ерекшеленген, жаңа заманауи көпқабатты үйлер құрылысын салу көзделген. Себебі, соңғы уақытта халық санының артуы қалада тұрғын үй салу үшін қосымша аумақты қажет етті. Сондықтан да 5-7-12 қабатты тұрғын үй кешендерін салу жоспарланған. «Қазқұрылыс» компаниясының аумақтық бригадирі Нұрымғани Арызқұлов №6 үйдің құрылысын бастап жатырмыз. Бұл да 40 пәтерлі бес қабатты үй. Жоспар бойынша



– Біздің компания құрылысшылары 38 пәтерлі 5 қабатты №6 тұрғын үйді салды. Дәл қазіргі сәтте 35 пәтердің құрылысын салу жұмыстары аяқталып, пайдалануға беруде. Тұрғындарға қолайлы жағдай қарастырылған. Су, жарық, көгілдір отын, интернет, т.б қызметтің барлығы бар деуге болады. Есіктері домофонмен жабдықталған. Сонымен бірге №38 үйдің құрылысын бастап жатырмыз. Бұл да 40 пәтерлі бес қабатты үй. Жоспар бойынша

желтоқсанның 25-не дейін тапсырумыз керек, – дейді ол. Сырдария өзенінің сол жағалауында тиімді инвестициялық климатты қалыптастыратын әкімшілік-офистік, мәдени-ойын-сауық, сауда-көрме, спорттық, коммуналдық, сондай-ақ, мешіттердің, этноорталықтың, қонақ үй және элиталық тұрғын үй кешендерінің, білім, денсаулық және әлеуметтік объектілердің, 15 мың адамға арналған стадионның құрылыстарын жүргізу жоспарлануда.



салы жоспарлануда. Атап айтқанда, үлкен ән арена-сы, этнографиялық мұражай кешені, Қорқыт ата интерактивті мұражайы, балалар шығармашылығы сарайы, саз мектебі, цирк, драма театр, «Құстар әлемі» оранжереясы мен медиа-орталық.

Қаладан қайтар жолда немересін жетектеген ата-әжесі көрді. Өздерін Үміт, Серік деп таныстырған олар сол жағалаудағы інісінің үйіне қонаққа келгендерін айтты.

– Қазір шамалы уақыт қалаға шықпай қалсаң, көп өзгерістерден қалып қаласың. Мынадай әдемі үйлерді, әсем ауланы көріп қуанып келеміз. Болашақта шаһарымыздың шырайы одан әрі арта түсеріне сенім мол. Барлығы жастардың игілігіне жасалған жақсы дүние ғой, – деп тілектестігін білдірді.

Дарияның жағасында бір қала бар, Айналған Сыр елінің мақтанғаны, – деп ақын жырлағандай, сәулеті мен дәулеті сәт сайын өсіп, көркі күн сайын артып қаламыздың гүлденген дәуіріне куә болатын күн алыс емес.

Суреттерді түсірген Нұрболат НУРЖАУБАЙ.

БҮГІНГІ КҮННІҢ БЕЙНЕСІ

Байлық көзді байлай ма, көкіректі аша ма?

Осыдан біраз жыл бұрын отандық телеарналардан «Байлар да жылайды» аталатын мексикалық телехикая көрсенбі. Сол кезде «байлар да жылай ма екен?» деп күлгеніміз рас. Алайда, кейбір деректер ортақол тұрмыстағы адамдардың шіріген байлардан әлдеқайда бақытты екенін байқатады. Сол байлардың басындағы тағдырға қарап отырсақ, ажалдық қорқынышынан ақшаның қорқынышы басым екен ғой деген ойға амалсыз тірелесің. Ал, біз білген деректер не дейді?

Дүйсенбек АЯШУЛЫ.

1929 жылы болған аса ауыр экономикалық дағдарыстың тек алғашқы үш күнінің өзінде «төрт жағы түгел» 210 бай өз өмірімен қоштасуды күл көрді. «Қара бейсенбі» деген атпен тарихта қалған сол күндерде Уолл Стриттегі заңғар ғимараттардың терезелерінен банкроттыққа ұшыраған брокерлердің өз-өздерін жерге тастағаны туралы аңызға бергісіз небір әңгімелер бар.

Оларды қоя тұрайық, өзіміз куә болған ғаламдық дағдарыс кезінде де бірнеше миллиардердің жәһаннамға «қаназа шығарылмайтын жолмен» аттанғанын еске алсақ, ақшаның қорқынышы туралы қорқынышты ойлар мазалайды.

Соның бірі – фармацевтикамен айналысатын Адольф Меркел деген неміс миллиардері екен. Атақты бай «Форбс» журналының есебінше, 2008 жылғы әлемдік тізімнің 98-ші орында тұрған. Меркелдің қол астында 70 мыңнан астам адам жұмыс істеген. Осылайша жылдық ақша айналымы ондаған миллиард доллармен бағаланатын өндірістік империяның қожайыны ретінде дәуірленіп тұрған миллиардер қор рыногы күйреген бір күнде 1 млрд евродан айырылған. Ақыры сол ғой...

Америкалық 52 жастағы миллиардер Стивен Гуд те ойламаған жерден о дүниеге аттаныпты. Ол өкесінен мұраға қалған жылжымайтын мүлік сатумен айналысатын ірі компанияның атқарушы директоры болатын. Бұл компания отыз жылда жалпы құны 9,5 миллиард долларды құрайтын 40 мыңнан астам жылжымайтын нысанды сатқан. Жылжымайтын мүлік нарығының күйреуін көтере алмаған Гуд...

Америкалық жас актриса Уэнди Доркас 90-ға келген миллионерге күйеуге тиеді. Махаббат емес, мақсатын түсініп отырсыз ғой. Бір жылдан соң ауру шал көз жұмады. Адвокаттар қарттың қалдырған өсиетін оқығанда, актриса өсиеттен танады. Қырық шал 64 миллион долларын Максидеген итне мұраға қалдырыпты. Заңнан аттамайтын сот мұраны салпаң құлақ итке тиесілі деп шешеді. Байлыққа көзі байланған

Шіркін, өзіміздің байларға не жетсін! Үйі жокқа үй беріп, күйі жокқа күй сыйлап жүрген қазақ байларының жомарттығы – олардың ата-анадан көрген өнегесі мен қазақы тәрбиесінің жемісі. Қасиетті кітаптарда да садақа беру мен қайырымдылық жасау ісін байлардың байлығы еселей түседі дейді емес пе?! Қазақ сараң байларды «шық бермес», «байлық ия тасқа бітеді, ия насқа бітеді» деп өлтіре сыйайды. Ал,

адам айналасына шапағат-нұр төтуге әзір тұрады. Қазақ «жемесен де май жақсы, бермесен де бай жақсы» деген бір ғана мақалымен бай адамның болмысын анықтаған. Өйткені байлыққа әркімнің қолы жетпейді, бай болу кез келгенге бұйыра бермейтін бақ дегеніміз дұрыс шығар.

Кешегі кеңес үкіметі байларды жау қылып көрсетті. Сол байлардың бір ауылдың, бір руы елдің жағдайын жасап отырғанына ой бойлата алмады. Халқымыз байлықты Алла Тағаланың деп түсінген. Сондықтан бұлар Құдайдың сүйікті қулы болу үшін жан-жағына, туған-туыстарына көмек беріп, жетімді жылатпай, жесірді қанғыртпай қарсып отырған. Осылай үйлесімді өмір сүргендіктен, қазақ қоғамында «құл» деген түсінік болмаған. Байдың малын баққандар өз малын деп есептеген. Себебі, басына күн туса, оған қол ұшын беретін де сол бай болған. Бай болу үшін адамға биік парасат, терең ақыл керек. Еңбегімен, ақылымен мал жинаған байлар бар дүниесінің бір бөлігін жылдына бір рет таратып берген. Оны «шүлен тарату», «байдың тасуы» деп атаған.


Ауыл-ауылды аралаған ақын-жыршыларды, сал-серілерді бай адамдар айлап қонақ қылған, «сөз ақынсына» алдарына мал салып берген. Соның арқасында ел жұрт аң-жыра қаныққан. Рухани азық алған. Адамның әлеуметтік жағдайы бірінші орында тұрады.

«Қанша шешен болса да, дауға салма малсызды, қанша батыр болса да, жауға салма жалғызды» деген бар. Ауылдың беткеуіне азаматтарына артыған ерген рулары мен ауылдың байлары демеу көрсетіп отырған.

Байлар бұл әрекеті арқылы өздерінің тектілігін танытқан. Өйткені руханияттан өзі ғана емес, халқының да сусындап өсуіне мүмкіндік жасаған. Демек, рухани жағыру түсінігі қазақ ішінде қашаннан-ақ бар екен.

Себебі, рухани толық жетілген ата-ана ғана тәрбиелі, елін-жерін сүйетін ұл-қыз өсірген.

Біздің ортамызда жүрген бүгінгі байлар да сол бір рух болмысы берік ата-бабалардың дәстүрін жалғап келеді.



Ирландиялық белгілі бизнесмен Патрик Рокканың 500 миллион евросы сақтаулы тұрған банк күйреп, байлығы суша ағып кеткендіктен, жүйке жүйесі жүлгеленіп, «бізге енді жердің үстінен асты жақсы» депті. Америкалық Эли Блэк өзіннің кәсібінде қатысты салықты төмендету үшін 2,5 миллион доллар пара бергені туралы газеттегі ақпаратты оқып, 44-қабаттан секіріп кеткен.

«Бай қалтырауық келеді» дейді қазақ. Тарихта ең бай миллиардерлердің өзін қара бақыр, соқыр тыын санап жүретінін мысалдар аз емес. XX ғасырдың ең бай әйелдерінің бірі Генриетта Хоуленд Грин 1916 жылы қайтыс болған. Артында ақшалай 20 миллиард доллары қалған. Ол Чикагодағы тұтаас кварталдардың қожайыны болса да, өмір бойы ең арзан пәтер жалдап тұрған.

Мына бір жағдай тіпті ерсі.

әйел осыныша ақшаны итке тас-тасын ба, төрт аяқты Максиге тұрмысқа шығады. Әлеуметтік желілерде жануарлармен жануа болып жататын (отбасы емес) осындайларды көргенде «ақымақ» деп қоя салатынбыз. Сөйтсек, оның астарын білмейтін біз ақымақ екенбіз. Сонымен, әйел мен иттің некесін киноға тура келеді. Иттің құжатын тастай қылған шал өлерінде оны АҚШ азаматы ретінде тіркегіп, салық төлеп тұратын қылыпты. Әккі әйел сорлы Максиге у беріп өлтірді ме, әлде ажалынан өлді ме, әйтеуір төрт аяғы төрден түспеген «АҚШ азаматы» өлген соң, бар байлықты иеленген. Ал, шашы қысқа, «ақлы ұзын» бұл әйелдің ақыреті қалай болады, оңы бір Құдай біледі.

Түзелей беріп қайтесіз, өлгеннің артынан жаман сөз айтпайтын қазақтығымызды қайтесіз.

Мұны қазақтың бұрынғы өткен байлары да жақсы түсінген. Олар өз руының жағдайын жасай отырып, тепе-теңдіктің бұзылмауын ойлаған. Адам мінезінің көркемдігі, жомарттығы, пейілінің кеңдігі, барлығы – байлықтан. Яғни, байлық адамның көңілін тойдырады. Көңілі тоқ

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.